



**БІЛІМ БЕРУДЕГІ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК - IQAA**

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ БОЙЫНША ЕСЕП**

8D02201 «ИСЛАМТАНУ»

БАҒДАРЛАМАСЫН АККРЕДИТТЕУ

Астана қ. - 2025 жыл

САРАПШЫЛАР ТОБЫ



Кенжетаев Досай Турсынбаевич
Топтың жетекшісі

Теология факультетінің деканы, дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан қ.



Калиев Каскырбек Кикбаевич
Сарапшы

Дінтану кафедрасының PhD докторы, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Ке АҚ, Астана қ.



Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы
Жұмыс берушілер өкілі

ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану және дінтану институты» ШЖҚ РМК, дінтану орталығының директоры, Алматы қ.



Магзиев Еркінбек Аканович
Студенттер өкілі

«Дінтану» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» Ке АҚ, Алматы қ.

IQAA ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Азангулова Айнур Орынбаевна, IQAA, ЖОО және ҒЗИ аккредиттеу департаменті, сараптама тобының үйлестірушісі

Сараптамалық топтың есебі IQAA-ның зияткерлік меншігі болып табылады. Ақпаратты кез-келген пайдалануға IQAA сілтемесі болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Авторлық құқықты бұзу құқықтық жауапкершіліктің басталуына әкеледі.

**8D02201 ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӨЗІН
ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІНІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ
БОЙЫНША ІСТЕРДІҢ НАҚТЫ ЖАЙ КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК
ДЕҢГЕЙІ**

Стандарттар	Өзін-өзі бағалау туралы есептің әр стандарт үшін университеттің нақты жағдайына сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Маңызды сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкессіздік
<i>Стандарт 1</i> Сапаны қамтамасыз етудің саясаты және академиялық адалдық		+		
<i>Стандарт 2</i> Оқу бағдарламасының мазмұны		+		
<i>Стандарт 3</i> Профессорлық-оқытушылық құрамының сапасы (ПОҚ)	+			
<i>Стандарт 4</i> Ғылыми - зерттеу жұмысының сапасы			+	
<i>Стандарт 5</i> Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі	+			
<i>Стандарт 6</i> Ресурстар	+			
<i>Стандарт 7</i> Бағдарламаны оқу нәтижелері тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру	+			

МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ. САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Кіріспе

Университеттің негізгі сипаттамалары

2 ТАРАУ. САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Кіріспе

Бағдарламалық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

Стандарт 1

Сапаны қамтамасыз етудің саясаты және академиялық адалдық

Стандарт 2

Оқу бағдарламасының мазмұны

Стандарт 3

Профессорлық-оқытушылық құрамының сапасы (ПОК)

Стандарт 4

Ғылыми - зерттеу жұмысының сапасы

Стандарт 5

Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі

Стандарт 6

Ресурстар

Стандарт 7

Бағдарламаны оқу нәтижелері тиімділігі және қоғамды
ақпараттандыру

3 ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

Сыртқы аудит бағдарламасы

Қосымша 2

Сұхбатқа қатысушылардың тізімі

Қосымша 3

ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар тізімі



САПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Kіріспе

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде (бұдан әрі – Университет) халықаралық бағдарламалық аккредиттеу рәсімі шеңберінде сараптама тобының сыртқы сапары 2025 жылғы 24-26 ақпан аралығында өтті.

Сыртқы аудит IQAA агенттігі әзірлеген және Университетпен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Сыртқы сараптама тобының (ССТ) жұмысына қажетті барлық материалдар: Сапар бағдарламасы, Бағдарламалық аккредиттеу шеңберіндегі өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп, Сыртқы сараптама тобының құрамы, Сұхбатқа қатысушылардың тізімі, Сыртқы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулық, Сарапшының әдеп кодексі, Аккредиттеу жөніндегі сыртқы сараптама тобының есеп үлгісі білім беру ұйымында жұмыс басталғанға дейін сараптама тобының мүшелеріне ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақтылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктерін және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедралардың профессорлық-оқытушылық құрамымен, докторанттармен, түлектермен, Университеттің жұмыс берушілерімен егжей-тегжейлі танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға өзін-өзі бағалау туралы есеп деректерінің оқу орнындағы істердің нақты жағдайына сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің негізгі сипаттамалары

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті одан әрі (Нұр-Мұбарак ЕИМУ) - әлемдік өркениетке бет түзеген тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңызды рөлі бар оқу ордасы.

1993 жылы 16 маусымда Н.Назарбаев пен ЕАР Уақыфтар министрі Мұхамед әл-Махжубтың университет қалашығының алғашқы тасын қалау рәсімі өтті. Екі ел басшыларының келісімімен дүниеге келген университет Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті деп аталды.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ-не 2019 жылдың 27 наурыз айында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілді.

Қазіргі кезде Нұр-Мұбарак ЕИМУ-де білім берудің мақсатына сай бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, қоғамның ғылыми және мәдени дамуын



қамтамасыз ететін кадрларды даярлау және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру жолында жұмыстар жүргізілуде.

Университет шетелдік және отандық ғылыми мекемелермен ұзақ мерзімді байланыс орнату және өзара білімгерлерді оқыту мен машықтандыру мақсатында 50-ден астам ынтымақтастық келісімшарттары мен меморандумдар жасалған <https://nmu.edu.kz/kk/seriktester/?lang=KK>

Осы келісімшарттар негізінде университет ОПҚ құрамы шетелде біліктілігі мен академиялық ұтқырлық аясында білімдерін шыңдайды (<https://nmu.edu.kz/kk/akademiyalyk-utkyrlyk-bolimi/?lang=KK>).

ОПҚ құрамының сапалық көрсеткішін арттыру үшін университеттің стратегиялық даму жоспарында Қазақстан мен Мысыр мемлекеті тарапынан жоғары мамандандырылған қосымша кадрлар шақыру арқылы толықтыру шаралары қарастырылған.

Университет тарапынан докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында жазылған ғылыми мақалаларының университет жинақтарында жарық көруіне ықпал жасайды.

Студенттер контингенті 2290 құрайды, оның ішінде: мемлекеттік білім гранты бойынша – 886; ақылы негізде білім алушылар бойынша – 1404. Бакалавриатта – 5 , магистратурада –2, докторантурада – 2 білім беру бағдарламасы бар. Дәріс беретін барлық 145 оқытушының – 14 профессор, қауымдастырылған профессор (доцент)-2, PhD докторы және ғылым кандидаттары -59, яғни 51,7% ғылыми дәрежелі. Аға оқытушылар-33. Магистрлер-22. Қазақстан тарапынан 122 штаттық, 15 қоса атқарушы оқытушы қызмет атқарады. Египет тарапынан 21 оқытушы дәріс береді, 21 ғылым докторлары және Түркия елінен — 3 оқытушы дәріс береді.

Нұр-Мұбарак университетінде 3 департамент, 2 факультет, 4 кафедра, 2 орталық және 7 бөлім жұмыс істейді. «Исламтану» және «Дінтану» ББ бойынша диссертациялық кеңес бар.

Университет оқытудың халықаралық бағдарламасын жүзеге асыруда, студенттермен алмасу және тағылымдамалар өткізуде әлемдегі аса ірі халықаралық 20 шетелдік университеттермен меморандум жасасты.

Нұр-Мұбарак ЕИМУ-і 2020ж. сәуір айында «Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі» тарапынан институционалдық (IA №0058) аккредиттеуден өтті.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің заңды және нақты мекен-жайы:

050016 Алматы қ, Әл-Фараби, 73

Телефон/факс: 8(727) 302-09-30

Ресми сайт: www.nmu.edu.kz

2 ТАРАУ

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Сыртқы аудит — бұл білім беру ұйымдарының тиімділігін, басқару жүйелерін және жалпы қызметін тексеру мен бағалау процесі. Білім беру ұйымы үшін сыртқы аудиттің басты мақсаты — оқу үрдісінің сапасын, студенттердің оқу жетістіктерін және жұмысқа орналастыру деңгейін арттыруға бағытталған тиімділігін бағалау. Бұл аудит білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту және ұйымның қызметін ашық әрі есепті түрде жүргізу үшін маңызды рөл атқарады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде 2025 жылғы 24-26 ақпан аралығында халықаралық бағдарламалық аккредиттеу рәсімі шеңберінде сараптама тобының сыртқы аудиті өтті. 8D02201 докторантура «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредиттеу жұмыстары жүргізіліп, білім беру бағдарламаларының деңгейлері мен сәйкестіктері, сондай-ақ орындау үдерісіне бақылау жүргізілді. Исламтану бағыты бойынша кадрлар даярлау 2011 жылдан бастап осы университетте іске асырылып келеді.

Университеттің даму деңгейі ақырын болса да алға жылып жатқандығы байқалады. Ішкі аудиторияларда жөндеу жұмыстары жасалып, материалдық техникалық базасының жаңартылып жатқандығын көруге болады. Жаңа оқу ғимаратының да ірге тасы қаланып, 1-2 жылда білім алушыларға өз есігін ашатындығы белгілі. Ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жетілдіру үшін арнайы ішкі жобалардың берілуі ОПК дамытуға арналған үлкен көмек деп көрсетуге болады. Университет ішілік ғылыми жоба саны жалпы алғанда 10 жобаны құрап отыр. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі де 100% құрайды.

Бұл дегеніміз елімізде бұл сала бойынша әлі де мамандардың жетіспейтіндігін аңғартады. Дегенмен университеттің әлі де жетілдіру керек мәселелердің бар екендігін айта кетуіміз керек. Білім беру бағдарламаларына қазіргі қазақ қоғамына керек пәндерді енгізу мәселесі, докторанттардың ағылшын тіл деңгейін көтеру мақсатында ағылшын тілінде жүргізілетін дәрістерді енгізу және арттыру мәселесі сонымен қатар кітапхананың, оның ішінде оқу залын үлкейту немесе қосымша тағы да оқу залдарын ашу сынды мәселелердің бар екендігін айта кету керек.

Бағдарламаны аккредиттеу стандарттарына сәйкестік

Стандарт 1 Сапаны қамтамасыз етудің саясаты және академиялық адалдық

Дәлелдемелер және талдау:

Сапаны қамтамасыз етудің саясаты және академиялық адалдық — бұл жоғары білім беру мекемелерінің сапасын арттыру және академиялық



әділдікті сақтауды мақсат тұтатын құжат. Ол білім беру ұйымдарының өздерінің білім беру қызметтерін жоғары деңгейде ұсынуын қамтамасыз ету үшін бағытталған.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті сапаны қамтамасыз ету және оны үздіксіз жақсарту мәдениетін қалыптастыру мақсатында 29.08.2024 «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары туралы Ереже» бекіткен. (қараңыз: <https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/SAPA-SAYASAT>) Бұл ереже университеттегі сапаны қамтамасыз етуге қатысты жалпы көзқарастарды, негізгі принциптер мен негізгі механизмдерді анықтайды. Сонымен қатар, «Сапа саясаты мен ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары туралы Ереже» университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізін құрайды. Докторантура бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саясаты жеке көрсетілмесе де «Сапа саясаты мен ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары туралы Ереже» құжатында атап өтіледі. Бұл құжат барлық білім алушыларға қол жетімді және ресми сайттарында <http://nmu.edu.kz> көрсетілген.

Сондай-ақ бұл Ереженің дұрыс жүзеге асуын бақылау үшін арнайы 065- у бұйрығымен, 25.10.2021ж. «Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы» құрылған. Бұл комиссия құрамына ОПК, докторанттардан құралған 7 адам кіреді.

Академиялық адалдық пен академиялық еркіндікке жәрдемдесу, докторанттарға, оқытушыларға немесе қызметкерлерге қатысты кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау мәселелері университет деңгейінде қарастырылған. Академиялық адалдықты бұзу саясаты мен салдарын реттейтін бірнеше нормативтік құжат қабылданған. Солардың бірі Академиялық саясат, Кадр саясаты, Ақпараттық қауіпсіздік саясаты, университеттің жемқорлыққа қарсы саясаты сынды бірнеше құжаттарды атап өтуге болады. Бұл құжат университеттің ресми сайтында көрсетілген. Қараңыз: <https://www.nmu.edu.kz/kk/normativtik-kuzhattar/?lang=KK>

Кемсітушілікке жол бермеу үшін қажетті шаралар жүзеге асырылып, академиялық адалдық мәселелері университет басшыларымен студенттер арасындағы кездесулерде талқыланады. Этикалық және моральдық нормаларды бұзған оқытушылар ұжымдық талқылауға шақырылады. Жарғы мен басқа да нормативтік құжаттарда еңбек кодексі мен ар-намыс кодексінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған.

Академиялық адалдықты бұзу саясатын және оның салдарын реттейтін нормативтік құжаттың болуы университеттің осы саладағы талаптарды айқындайтын негізгі құралы болып табылады. Мұндай құжаттар академиялық адалдық принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ студенттер мен оқытушылардың әрекеттері мен этикалық нормаларына қатысты нақты ережелерді белгілейді. Бұл құжатта академиялық алаяқтық, плагиат, сынақтарға қатысты алаяқтық әрекеттер және басқа да бұзушылықтар үшін жауапкершілік қарастырылады, сондай-ақ бұзушылықтарға қатысты санкциялар мен жазалар анықталады. Бұл мәселе



университеттің нормативтік құжаттармен реттелген. (Қараңыз: <https://www.nmu.edu.kz/kk/normativtik-kuzhattar/?lang=KK>)

Оқытушылар құрамы (ОПҚ) тапсырмаларды бағалау үшін шынайы критериялды жүйені пайдалануы оқу үдерісінің әділдігін және объективтілігін қамтамасыз етеді. Бұл жүйе әрбір тапсырма немесе сынақ үшін алдын ала анықталған нақты критерийлер мен стандарттар негізінде бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді. Критериялды бағалау студенттің білімін, дағдыларын және қабілеттерін нақты, түсінікті және әділ бағалауға бағытталған, сондықтан әрбір студенттің жұмысын тең дәрежеде бағалауға жағдай жасайды. Мұндай жүйе оқу нәтижелерін жақсартуға, оқытушылардың ынтасын арттыруға және әділ бағалауды қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Докторанттың емтихандарын қабылдау ережелері әр оқытушының беретін дәрістеріне қатысты пәннің силлабустарында көрсетіліп бекітіледі. Силлабустар болса арнайы ашылған платформада жүктеулі және докторанттар үшін қол жетімді. Қараңыз: <https://dl.nmu.edu.kz/?lang=ru> Емтихандар тәуелсіз емтихан қабылдаушының қатысуымен емтихан алынады. Бірақ ескеретін мәселелердің бірі ол емтиханды тәуелсіз қабылдаушы алғанымен тексеретін өз пән мұғалімі болғандықтан әділ болу жағы күмән туғызады.

Докторанттардың барлық жазбаша зерттеу жұмыстарын (мақалалар, тезистер, әдістемелік жұмыстар, монографиялар, оқулықтар, ғылыми зерттеулерді, диссертациялар) тексеруге қатысты қолданылатын антиплагиат жүйесі жолға қойылған деп айтсақ болады.

Жазба жұмыстарды тексеру ережесі де қалыптасқан. (қараңыз: <https://www.nmu.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/Plagiat-erezhe.pdf>)

Антиплагиат тәртібінен өткеннен кейін, жұмыстарды жүйе администраторы автордың қалауымен 48 сағат ішінде Strikeplagiarism.com ақпараттық мәліметтер дерекқорына енгізеді. Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесі шешімі нәтижесімен келіспеген жағдайда, автор апелляцияға беруге құқылы. Докторант антиплагиат қорытындымен келіспеген жағдайда апелляцияға беруге құқылы. Бұл жағдайда антиплагиат комиссиясы құжаттарды негізге ала отырып, талдау жасайды.

Апелляцияға берілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде антиплагиат комиссиясы жұмыс бойынша шешім қабылдайды. Апелляцияға бір мәрте ғана беруге болады. Плагиат орын алған жағдайда антиплагиат комиссиясы тәртіптік шара қолдануды ұсынуы мүмкін. Тәртіптік шараларға қатысты барлық шарттарды университет ішкі ережеге сәйкес жүргізеді. Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесін алдау фактісі анықталған жағдайда жұмыс кері қайтарылады, ал қорғауға ұсынылатын жұмыстар (дипломдық, диссертациялық) қорғауға жіберілмейді.

Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің ішкі сапаны қамтамасыз ету комиссиясы білім беру бағдарламаларының сапасын бақылау, тиімділікті бағалау және үнемі қайта қарау арқылы жаңартып отырады.

Сапа саясаты университеттің барлық құрылымдарының қатысуын қамтамасыз ететін ішкі сапа процестері мен стандарттары негізінде жүзеге асырылады. «Сапа саясаты және ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттары туралы Ереже» Ғылыми кеңесте бекітіліп, ресми түрде күшіне енеді. Бұл ереже университеттің ресми сайтында жарияланып, қолжетімді болады. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының өзгерістеріне байланысты қайта бекітілген білім беру бағдарламалары да университеттің сайтында жарияланып, студенттер мен талапкерлерге ақпарат беріледі. Нұр-Мұбарак ЕИМУ 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау және дайындау мақсатында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізеді. Осы бағытта университет Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен келісімшарт жасап, тиісті шараларды жүзеге асырады. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасына қабылдау шарттары мен ережелері, қажетті құжаттар тізімі, шығармашылық емтихандардың бағдарламасы, емтихан сұрақтары мен дайындық материалдары университеттің ресми сайтында (<https://www.nmu.edu.kz/kk/talapker-2/>) және әлеуметтік желілердегі парақшаларында (<https://vk.com/nurmubarakuniversity>)

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 8D02201 «Исламтану» мамандығы бойынша талапкерлерді қабылдау нақты әзірленген критерийлер бойынша жүзеге асады. Докторантураға тапсыруға қатысты құжаттарды дайындауға арналған кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізіледі. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарына қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау талаптары мен ережелері, қажетті құжаттар тізімі, шығармашылық емтихан бағдарламасы, емтихан билеттеріне дайындық сұрақтары және басқа да ақпараттар университеттің ресми сайтында жарияланып, әлеуметтік желілерде де хабарламалар жарияланып тұрады. Төменде қараңыз:

- [Нұр-Мұбарак университетінің сайты](#)
- [VK парақшасы](#)
- [Instagram парақшасы](#)

Сонымен қатар қабылдау шарттары мен рәсімдері туралы толық ақпарат университет сайтында және Академиялық саясатта көрсетілген. Академиялық саясат бойынша:

- Қабылдау кезінде талапкерлердің кәсіби, ғылыми және ғылыми-педагогикалық тәжірибесін, бұрынғы ғылыми жарияланымдарын және жетістіктерін ескеру.

- 8D02201 «Исламтану» БББ докторанттарды қабылдау ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №111 бекітілген қаулысымен, ҚР «Білім беру» Заңындағы 4 бап, 25-ші тармақшасына сәйкес шығарылған және Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің қабылдау ережелерімен жүргізеді.



– Докторантураға түсушілер шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады.

Барлық ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін Жоғары және Жоғары оқу комитеті қабылдау комиссиялары тексереді. IELTS/TOEFL сертификаттарының түпнұсқалығы communicatetestsecurity@ets.org электронды поштасы арқылы расталады.

Ескертулер:

1. Антиплагиат ережесінде жазбаша жұмыстың антиплагиаттан өтпеген жағдайда қанша мәрте тапсыру мүмкіндігі берілетіндігі көрсетілмеген. Осы мәселеге жауапты тұлғамен жасалған сұхбат барысында ол кісінің жауабы бойынша антиплагиатты берілген уақыт мөлшері аралығында қалағанынша сала алады деген жауап берілді.

2. ОПК-ң өз білім алушыларының емтихан жауаптарын өзі тексеруі әділеттілік мәселесінде күмән тудырады.

Жақсартуға арналған жағғы:

1. Антиплагиатқа тексеру ережесін қайта қарап, сапасын жақсартуды ұсынылады. Антиплагиаттан өтпеген жағдайда тек 1-2 мәрте ғана қайта тапсыру мүмкіндігін беруді ұсынылады.

2. ОПК-ң өз білім алушыларының емтихан жауаптарын тәуелсіз емтихан қабылдаушы (Пәнді бермейтін басқа ОПК) тұлғаларға тексерту мәселесі ұсынылады.

1-стандартқа сәйкестік деңгейі: маңызды сәйкестік

Стандарт 2. Оқу бағдарламасының мазмұны

Дәлелдемелер және талдау:

8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы – бұл жоғары білім беру бағдарламасы докторанттарды исламтану саласында терең ғылыми және теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл бағдарлама негізінен ислам дінін және исламның қазіргі заманғы мәселелері туралы тереңдетілген білім беру бағдарламасы.

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасын ректор Мұхаммед аш-Шаххат әл-Жинди тарапынан 29.03.2024 жылы бекітілген. Докторлық білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық талаптарға сәйкес 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесі беріледі.

- Кредиттердің жалпы көлемі: 180 академиялық сағат/ 180 ECTS.
- Оқу мерзімі: 3 жыл

Білім беру бағдарламасының мазмұнын әзірлеуде пәнаралық әдісті қолдану — бұл әртүрлі пәндер мен ғылымдардың білім беру бағдарламасына ықпалдасуын, бір-бірімен байланысын және интеграциясын қамтамасыз ететін әдіс. Пәнаралық әдіс білім алушылардың білімін кеңейтуді, тереңдетуді және олардың дүниетанымын әртүрлі ғылымдар тұрғысынан қалыптастыруды мақсат етеді. Пәнаралық әдіс — бұл әртүрлі пәндер мен ғылымдарды бір-бірімен байланыстыра отырып білім беру процесін ұйымдастыру. Бұл әдіс білім алушылардың көптеген пәндер мен тақырыптарды біртұтас, кешенді түрде түсінуіне мүмкіндік береді. Осылайша, олар өзара байланысқан білімдерге ие болады және бір пәнді меңгеру барысында басқа пәндермен байланысты тұстарды да түсініп, пайдалануға мүмкіндік алады. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасында бұл әдіс толық 100% қолданылмаса да кейбір пәндердің қалыптастыратын құзыреттілігінде бұл әдісті көруге болады. Мысалы, «Исламда мемлекеттік басқару жүйесі» атты модульдік құрамдас бөлігінде қазіргі заманғы мемлекет басқару жүйесі мен ислам дініндегі мемлекетті басқаруға қатысты ұстанымдарын салыстыру арқылы зерттеу, талдау әдістерін игеретіндігі туралы айтылады. Бұл жерде зайырлы, құқықтық басқару мен діни басқару салаларын салыстыра оқытатындығы пәнаралық байланыстың бар екендігін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында докторанттардың зерттеу тақырыбы мен қазақ қоғамына керекті біліктілікті қалыптастыру өте маңызды мәселелердің бірі. Сол себепті білім беру бағдарламасы қазақ қоғамындағы исламға қатысты мәселелермен тығыз байланысты болу керек. Осы мақсатта Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы қазіргі қазақ қоғамындағы кейбір мәселелерді қамти алмағандығы байқалады. Бұл түлектермен және жұмыс беруші тұлғалармен жасалған сұхбаттарда да анықталған болатын.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу мен жүзеге асыруда қоғамда болып жатқан өзекті мәселелермен докторанттардың зерттеу тақырыптарын ескере отырып бағдарлама әзірлеру өте маңызды. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша қорғалған және соңғы түскен докторанттардың тақырыптарын ескере отырып, білім беру бағдарламасындағы пәндермен салыстыратын болсақ аса қатты сәйкестік байқалмайды.

2.1 кесте. 8D02201 «Исламтану» БББ-сы бойынша қорғағалған және болашақта қорғалатын докторанттардың докторлық зерттеу тақырыптары

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Отандық кеңесші
1	Утпинов Наурызбай Тағанұлы	Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде). 25.05.2020 жылы қорғаған	фил.ғ.д., проф. Керім Ш.Т.

2	Стамбакиев Нұржан Жақсылықұлы	Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері. 23.11.2023 жылы қорғаған	PhD, доктор Қ.Құрманбаев
3	Илесбеков Бижан Оразалиевич	Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби (480/1087 ж.қ.б.) және оның «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі. 07.12.2024 жылы қорғаған	фил.ғ.д., проф. Керім Ш.Т.
4	Купешова Гүлнұр Қуанышқызы	Дерадикализация әдістерінің теологиялық аспектілері (Матрудилік сенім негізінде)	PhD, қауымд.проф Акимханов А.Б.
5	Тағаев Нұрбол Сайлауұлы	15-17 ғасырдағы Қазақ діни дастандарына исламтанулық талдау	PhD, Мухитдинов.Р.С
6	Дәкен Еркінбек	Мәмлүк-қыпшақтары тұсында жазылған «Иршәдул-мулук уәс-салатин» еңбегіндегі шариғи мәселелер	ф.ғ.к, доцент Қыдыр Т.Е
7	Аманбаев Айдар Махсетұлы	Ислам құқық методологиясында үкім шығарудағы әдет-ғұрыптың рөлі: Ханафи құқықтанушы Ибн Абидиннің «Нәшр әл-арф фи бина бағд әл ахкам ала әл-ғурф» атты еңбегіне талдау	PhD, Алпысбаев Е.О
8	Байгазиева Бақыткүл Утегеновна	Салафилик ағымдардың Қазақстанға таралу тарихы: діни идеологиясы және тәжірибелік көріністері	фил.ғ.д., проф. Керім Ш.Т.
9	Әсетұлы Бейбіт	Қоғамның экономикалық қатынастарын реттеудегі исламның моральдық-этикалық құндылықтарының маңызы	PhD, Мухитдинов.Р.С

2.1 кестеде көріп отырғанымыздай 8D02201 «Исламтану» БББ-сы бойынша қорғалған және болашақта қорғалатын докторанттардың докторлық зерттеу тақырыптары көбіне қазіргі ислам дінінің мәселелері мен қазақ қоғамына қатысты діни мәселелер қарастырылып отыр. Сонымен қатар қазақ жерінде жазылған қолжазбалар туралы зерттеулерді де көруге болады. Бұл докторлық зерттеу тақырыптары 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндер аясына жалпылай сәйкес келгенімен, тақырыптардың басым бөлігі қазіргі қазақ қоғамындағы исламдық мәселелер екендігін ескере отырып, қазақ қоғамына қатысты пәндерді білім беру бағдарламасына енгізу қажеттілігі байқалады.

Білім беру бағдарламасының мазмұны нақты белгіленген мақсаттар мен оқу нәтижелерін қамтуы өте маңызды. Бұл бағдарламаның тиімділігін және докторанттардың білімін бағалау үшін қажетті негіздерді қамтамасыз етеді. Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасының мазмұнында белгіліленген мақсаттары мен нәтижелері толықтай көрсетілген. Бағдарлама білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесіне сәйкес жасалған. Ереже: [akademiyalyk_sayasat-V.pdf](#).

8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасының ерекшеліктері көрсетілген бөлімшеде түсініксіздеу сөйлемдер жазылған. Мысалы:

«магистранттардың поликонфессионалды қоғамды құруға, ондағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға саналы түрде атсалысуына үлес қосуға негізделеді» деген сөйлем кездеседі. Докторантураның Білім беру бағдарламасында магистранттар туралы ақпараттар жазылған. Бұл ақпараттар 7M02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасында да көрсетілген. Сонымен қатар «поликонфессионалды қоғамды құру» «Исламтану» докторлық білім беру бағдарламасының ерекшелігі ретінде көрсетудің қаншалықты дұрыс екендігі, қайта талқылануы керек мәселелердің бірі.

Докторанттармен сұхбаттасу барысында анықталған ақпараттарға сәйкес, Scopus базасына кіретін журналдарға мақала жазу қиындықтары туындағаны анықталды. Осыған орай 8D02201 «Исламтану» БББ-да көрсетілген академиялық хат пәнін Scopus базасына кіретін журналдардармен жұмыс атқаратын, тәжірибесі бар шетелдік мамандардың дәріс бергенін қалайтындықтары анықталды. Себебі шетелдік журналдарға мақала дайындау және жариялау докторанттар үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Докторлық диссертация докторанттың кәсіби біліктілігін және ғылыми әдіснаманы меңгеру дәрежесін анықтайды. Қазақстандық талапқа сәйкес докторанттың ғылыми кеңесшісі "ғылым кандидаты", "ғылым докторы", "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесіне ие болуы тиіс. Сонымен қатар, 5 мақала және халықаралық рецензияланатын журналда 1 мақала жариялау қажет. Диссертация немесе мақалалар сериясы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға негіз болады. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде бұл мәселе толықтай сақталуда.

– Ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық практикасы, тағылымдамадан өтуді, ғылыми жарияланымдарды, диссертацияны дайындауды және қорғауды жүргізу барлығы талапқа сәйкес жүргізілуде. Педагогикалық практика университет базасында жүзеге асса, Ғылыми-зерттеу тәжірбиесінен өту үшін 8D02201-«Исламтану» мамандығы докторанттары ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтына, Алматы қаласы Дін істері департаментіне бағытталады. Шығыстану институттарын өтеді. Тәжірбиені өту көлемі мен мерзімі оқу-жоспары мен үдерісі кестесімен айқындалады. Докторанттар шетелдік тағылымдамаларын көбіне Мысыр, Түркия және Орта Азия мемлекеттерінде өтеді. Көбіне шетелдік жетекшілеріне байланысты таңдалады.

– Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны дайындау, жазу және қорғау) барлығы Қазақстандық талаптарға сәйкес өтеді. Диссертацияна дайындау, жазу және қорғау жұмыстары төмендегідей жүзеге асырылады:

- Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми семинар беру
- Алдын ала қорғау (предзащита) кафедрада жүзеге асады
- Диссоветте қорғау

Диссертацияны қорғау Скопус және ғылыми мақалалар жарияланғаннан кейін жүргізіледі. Қорғаудан бұрын алдын ала қорғау кезінде диссертация ғылыми атағы бар екі рецензентке беріледі, олар докторанттың ғылыми саласы бойынша мамандар болып табылады. Кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны талқылау тәртібі: кафедра төрағасының, докторанттың, ғылыми кеңесшілердің, рецензенттердің баяндамалары, рецензенттердің ескертулері және докторанттың жауаптары, сондай-ақ кафедра мүшелерінің пікірталасынан тұрады. Отырыс соңында ашық дауыс беру арқылы шешім қабылданады.

Кафедра отырысының хаттамасы университеттің проректоры арқылы бекітіліп, докторанттың құжаттары диссертациялық кеңеске тапсырылуға жатады. Диссертациялық кеңеске рецензенттердің қатысуы бейнеконференция арқылы мүмкін болады. Қорғаудан бір ай бұрын университеттің интернет-ресурсында диссертация, оның аннотациясы, жарияланымдар тізімі, ғылыми кеңесшілердің пікірлері, рецензенттердің пікірлері және басқа да қажетті ақпараттар жарияланады. Авторлық құқықтардың сақталуы қамтамасыз етіледі, ал диссертация мәтіні университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін өзгертулер енгізілмейді.

Қорғау алдында және кейін барлық ақпараттар университеттің интернет-ресурсында қол жетімді болады, ал қорғаудың бейнемазмұны, рецензенттердің пікірлері және басқа материалдар университеттің интернет-ресурсында сақталып, жарияланады.

Ескертулер:

1. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасында Орта Азиядағы ислам, Түркі әлеміндегі ислам (Тасаввуф, Суфизм, Яссауиге), қазақ қоғамы мен дүниетанымына қатысты бірде бір пән енгізілмеген және ескерілмеген.
2. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасының ерекшеліктері нақты ашылмаған және магистратурның БББ-на ұқсас жерлері байқалады.

Жақсартуға арналған жағзы:

1. 8D02201 «Исламтану» білім беру бағдарламасын әзірлеуде қазіргі қазақ қоғамындағы ислам дініне қатысты мәселерді ескеру ұсынылады. Ислам психологиясы мен мәдениеті, Радикализм, Ислам деректануы, Тасаввуф, Суфизм, Яссауиге қатысты пәндерді енгізу ұсынылады.
2. Академиялық хат пәнін Scopus базасына кіретін журналдармен тығыз жұмыс атқаратын тәжірибелі шетелдік мамандарға ағылшын тілінде оқытқызу ұсынылады.

2-стандартқа сәйкестік деңгейі: маңызды сәйкестік

Стандарт 3. Профессорлық-оқытушылық құрамының сапасы (ПОК)

Дәлелдемелер және талдау:

Университеттің кадр саясаты оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің құрамының сапалы болуына, университеттің миссиясының білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Жоғары сапалы оқытушы-профессор құрамын құру басты бағыттардың бірі ретінде университеттің 2022-2026 жж. арналған «Стратегиялық даму» жоспарында атап көрсетілген. Университеттің профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлерге қатысты университеттің кадр бөлімі саясаты жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылау, марапаттау, ескертулер беру, қысқарту, жұмыстан босату туралы құқықтары мен міндеттері мен қызметтік нұсқаулармен таныстыруда ҚР Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңымен (2007 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» туралы ҚР БҒМ 2009 ж. 13 шілдедегі №338 бұйрығын және ішкі нормативтік құжаттарды (университет Уставы, «Ішкі тәртіп ережесі, «Конкурстық комиссия Ережесі» және профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлермен Еңбек шарты) сияқты құжаттарды басшылыққа алған.

Еңбек шартында профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер «Университет профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық ережесі», «Ішкі тәртіп Ережесінде» көрсетілген құқықтар мен міндеттермен танысып қолдарын қояды.

Университет басшысы бекіткен «Ішкі тәртіп Ережесі», «Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексінің ережесі», «Білім алушылардың ар-намыс кодексі» негізгі құжаттар болып табылады (www.nmu.kz).

Оқу процесі бойынша жоспарлау мен есептеуді жүйеге келтіру мақсатында кафедраның оқу жұмысы мен педагогикалық жүктемесі жыл сайын ҚР үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысы бекіткен жалпыға бірдей білім берудің мемлекеттік стандарты мен университеттің Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес жоспарланады.

Педагогикалық жүктеменің сағаттық есебі үшін уақыт мөлшері ҚР БҒМ 2007 жылғы «Білім туралы» заңымен, ҚР үкіметінің 2018 жылғы № 604 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндерінің циклінің үлгілік» және ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» туралы № 563 бұйрығымен айқындалады.

Исламтану кафедрасында профессор-оқытушылар құрамына жүктемені бөлу кезінде оқытушының ғылыми дәрежесі, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметтері мен тәрбие жұмыстарының ара қатынас тепе-теңдігі негізге алынып «Университеттің профессор-оқытушылар құрамының 2024-2025 оқу жылындағы оқу жүктемесін жоспарлау» ережесі бойынша

тағайындалған. Аудиториялық жүктеме білім алушының пәні мен оқытушыны таңдауына сәйкес тиімді бөлінген.

Жоғары кәсіптік білімнің оқу орындарындағы штаттағы оқытушылардың педагогикалық жүктемесінің көлемі атқаратын қызметіне, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағына қарамастан 36 сағаттық жұмыс аптасымен есептелінеді. Осыған байланысты жоғарыда айтылған әрекеттердің барлығы әрбір штаттағы оқытушылар үшін міндетті болып табылады және нақты жұмысты жоспарлау мен есептеу үшін уақыт мөлшерімен сәйкес анықталады. ОПҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау, дәрісханалық (дәрісханадан тыс) оқу сабақтарында сабақ кестесі бойынша студенттермен оқытушылардың нақты жұмыс уақытын көрсетететін немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша кредитпен немесе академиялық сағатпен жүзеге асады.

Кафедраның ПОҚ құрамы оқу процесін жетілдіруге, оның модульдігіне, білім беру мақсатын жүзеге асыруға, оқудың тиімділігін арттыруға ұдайы атсалысады. Жыл сайын оқу бағдарламалары, силлабустар, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік контенттер қарастырылып, жаңартылып отырады.

Ректорат, кадрлар бөлімі оқытушылар мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларда көрсетілген талаптарға сай болуын қадағалайды. Аттестация қызметкерлерді бағалаудың ең тиімді әдісі болып табылады.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамын ҚР Еңбек кодексінің 233 пунктіне сәйкес әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өткізіліп отырады. Аттестаттау барысында оқытушылардың біліктілік дәрежесі, кәсіби деңгейі және іскерлік қабілеті айқындалады. Университетте ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 07 тамыздағы «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі туралы» №323 бұйрығына сәйкес университет ректорының бұйрығымен аттестациялық комиссия құрылады.

Кафедрада профессор -оқытушылар құрамының сабаққа өзара қатысуы, ашық сабақтар өтуі кафедра меңгерушісінің бақылау негізінде қалыптасқан, өзара сабаққа қатысу мен ашық сабақтар ұйымдастыру жоспары кафедрада бекітіледі. Кафедра мәжілісінде талқыланып, хаттамалар жазылып, арнайы журналға тіркеліп отырады. Жүргізілетін сабақтың сапасын бақылау мақсатында жыл сайын оқытудың заманауи технологияларын пайдалану түрі дайындалады және ашық сабақтарды жүргізу жоспары орындалып отырады.

Университет басшылары кафедралар мен бөлім қызметкерлерінің еңбектерін бағалап, ынталандыру мақсатында ПОҚ мен қызметкерлерді алғыс хаттармен, сыйақылармен марапаттап, әлеуметтік көмектер де көрсетіп отырады. Сонымен қатар басшылық ПОҚ айтулы даталар мен мемлекеттік мерекелердің құрметіне сыйақылар беріп, Республикалық, қалалық, облыстық әкімшіліктер тарапынан марапаттар алуға мүмкіндік жасайды.

Оқытушыларды ынталандырудың бірден-бір әдістерінің бірі ретінде барлық ПОҚ жалақыларын көтеріп отырады. Мысалы, 2024-2025 оқу жылы университеттің барлық қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға көтерілген.

Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, докторанттарды шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытудың маңызы зор. Әсіресе интерактивті оқыту технологиясын қолдануда интерактивті тақталар мен LED экранды пайдалану арқылы шығармашылық тапсырмалармен жұмыс жүргізудің тиімділігі іс жүзінде дәлелденуде. Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген оқыту процесін ұйымдастыру. Оқу процесі барысында кафедра оқытушылары докторанттардың белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті оқыту әдістемесін қолданады. Интерактивтік тәсіл өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет мәселені бірлесіп шешуге алып келеді.

Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын отандық жетекшілер мен кеңесшілердің біліктілігін арттыру үшін бірнеше маңызды шаралар университет деңгейінде жүргізілуде.

– Білім беру бағдарламалары ұйымдастырылады – Ғылыми жетекшілер мен кеңесшілер үшін арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастырылып тұрады. Университеттің ПОҚ сыртқы академиялық ұтқырлығы бойынша Түркия Республикасына 25-29 күндер аралығында Дін істері басқармасының ұйымдастыруымен 72 сағаттың «Діни диалог құрудың әдіснамасы» курс өтті. Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нде Үкіметаралық келісім негізінде әл-Әзһар университетінің доктор, профессорлары дәріс жүргізеді (3.1-кесте).

3.1 кесте. Академиялық ұтқырлық туралы деректер – ББ-сы бойынша шақырылған шетелдік профессорлардың дәрістері

№	Аты-жөні	Лекция тақырыбы	Уақыты	Сілтеме
1	Мунзир Қахф - Ислам экономикасы бойынша профессор	Ислам банкігінің бизнесті қаржыландыру тәжірбиесі	06.05.2023ж	https://www.nmu.edu.kz/kk/business_forum/
2	Усама Сайд Махмуд Әл-Әзһари – Әл-Әзһар университетінің профессоры, ислам ілімдерінің докторы	Исламтану ілімдерінің білім беру жүйесіне талдау	28.02.2023ж	https://www.nmu.edu.kz/kk/tanimal_galim/
3	Хабибулла Закария - PhD ПУМ Ислам банкігі мен қаржысы институты декан орынбасары (PiBF), Малайзия	Цифрлы қоғам жағдайындағы діни қайырымдылық жайлы жан-жақты талқылануда	24.05.2024ж	https://www.nmu.edu.kz/kk/цифрлы-когам-жағдайындағы-діни-қайыр/

– Шетелдік тәжірибе алмасу – Отандық жетекшілер мен кеңесшілердің халықаралық ғылыми қауымдастықпен байланысын нығайту үшін шетелдік университеттермен немесе ғылыми мекемелермен тәжірибе алмасу



бағдарламаларын ұйымдастырылып тұрады. Бұл олардың ғылыми біліктілігін арттырып, халықаралық деңгейде зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Университет ПОҚ-ы 2022 жылы Түркия мемлекеті, Анкара қаласына біліктіліктерін арттыру мақсатында тағлымдамадан өтіп келген болатын.

– Ғылыми кеңестер мен форумдар және семинарларға қатысы – Ғылыми жетекшілер мен кеңесшілер үшін ұлттық және халықаралық деңгейде ғылыми конференциялар мен форумдар өткізіліп тұрады. Бұл ғылыми семинарлар мен форумдарда ПОҚ өз тәжірибесімен бөлісіп, жаңа білім мен технологияларды үйрене алады. Мысал ретінде Университет қабырғасында өткен бірнеше форумдар туралы ақпараттар төмендігі сілтемеде беріліп отыр:

https://www.nmu.edu.kz/kk/international_seminar/, www.nmu.edu.kz/kk/иран-ислам-республикасы-президентін/

– Ғылыми басылымдар мен журналдарға қатысу – Университетте Отандық ғылыми жетекшілер мен кеңесшілерді халықаралық және отандық ғылыми басылымдар мен журналдарға мақалалар жариялауға ынталандыру жұмыстары жүргізілуде. Ынталандыру жұмыстары ПОҚ-ң ғылыми зерттеулерінің деңгейін арттыруға көмектеседі. Мысалы Scopus базасын кіретін журналдарда бірінші автор болып мақала шығарған жағдайда, шамамен бір жақалық өтемақы берілетіндігі туралы ақпарат басшылық құраммен және ПОҚ сұхбаттасу барысында белгілі болды.

– Қаржылық қолдау және гранттар – Ғылыми жетекшілер мен кеңесшілердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында ғылыми жобалар мен зерттеулерге арналған университеттің ішкі гранттық қаржылық көмек көрсету түрі қарастырылған. Қараңыз:

https://www.nmu.edu.kz/kk/science_and_innovation/

Осы шаралар арқылы отандық ғылыми жетекшілер мен кеңесшілердің кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасалады, бұл өз кезегінде еліміздегі ғылыми зерттеулердің сапасын жоғарылатуға және халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етеді.

Университетте процедуралар мен ережелердің болуын қамтамасыз ету үшін келесі қадамдарды орындалады. Университеттің әр түрлі бөлімдері (академиялық, әкімшілік, қаржы және т.б.) бойынша нақты ережелер мен процедуралар әзірленеді. Бұл ережелер оқу үдерісіне, студенттердің құқықтары мен міндеттеріне, профессорлық-оқытушылық құрамның жұмыс талаптарына, қаржы шығыстарын бақылауға және басқа да маңызды аспектілерге қатысты болып табылады. Барлық ережелер мен процедуралар университеттің ресми сайтында немесе басқа да ақпараттық платформаларда жарияланады. <https://www.nmu.edu.kz/kk/normativtik-kuzhattar/>. Докторанттар, оқытушылар, қызметкерлер осы ережелермен танысу мүмкіндіктері қарастырылған.

Докторанттарға кәсіби ғылыми жетекшілік ету және диссертацияны талқылаудың алқалы түрлері ғылыми зерттеу процесін сапалы түрде

ұйымдастыруға және олардың зерттеу жұмыстарының деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мұндай алқалы түрлердің мақсаттары – ғылыми жұмысты тереңдетіп қарау, жаңа идеялар мен көзқарастарды енгізу, және диссертацияның тақырыбын кең ауқымда талқылау болып табылады. Осы мақсатта докторанттардың ғылыми семинарлары ұйымдастырылып тұрады. Ғылыми семинарлардың негізгі мақсаты докторанттардың зерттеулерін кең ауқымда ғылыми ортада талқылау. Семинарлар ғылыми жетістіктерді бөлісу және сын тұрғысынан қарау үшін маңызды алаң болып табылады. Семинарда докторант өз жұмысын басқа ғалымдар мен зерттеушілер алдында таныстырады. Қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, қосымша сұрақтар қояды. Бұл докторанттарға жұмысындағы мүмкін болатын кемшіліктер мен жетілдіру жолдарын анықтауға көмектеседі.

Сыртқы кәсіби рецензенттерді тарта отырып, докторлық зерттеулердің соңғы нәтижелерін тәуелсіз бағалау үшін келесі шараларды жүзеге асырылады.

– Сыртқы рецензенттер таңдалады – Докторлық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары деңгейде кәсіби біліктілігі бар, ғылыми салада тәжірибесі мол рецензенттерді таңдау. Рецензенттердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін олар университеттің ішкі құрылымынан тыс рецензенттер таңдалады.

– Рецензенттермен келісім шарт жасасалады – Сыртқы рецензенттермен олардың міндеттері мен жауапкершіліктері туралы ресми келісім шарт жасасалады. Бұл келісім рецензияның мерзімдерін, оның мазмұнын және рецензиялау процесінің әдістерін айқындайды.

– Докторлық диссертацияның қорғалуына дейінгі кезең – Сыртқы рецензенттер докторлық диссертацияның толық мәтінін алғаннан кейін оны терең талдап, ғылыми тұрғыдан бағалайды. Бұл бағалау нәтижесі рецензенттердің пікірлері мен ұсыныстарын қамтуы тиіс, ол докторанттың диссертациясын қорғау алдында ғылыми кеңеске беріледі.

– Қорғау кезінде рецензенттердің пікірлерін тыңдау – Сыртқы рецензенттердің қорытынды пікірлері қорғау кезінде тыңдалып, қорғаушының диссертациясына қатысты нақты ұсыныстар мен ескертулер ескерілуі қажет. Бұл пікірлер докторлық зерттеу жұмысының сапасын арттыруға және оның ғылыми деңгейін жоғары бағалауға ықпал етеді.

– Рецензенттердің пікірлері бойынша түзетулер енгізу – Рецензенттердің ұсыныстары мен ескертулеріне сәйкес диссертацияға қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізу. Бұл докторанттың зерттеуінің сапасын арттыруға, сондай-ақ ғылыми қауымдастықтың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Осы шаралар арқылы докторлық зерттеулердің тәуелсіз бағалануы мен олардың сапасы арттырылып, ғылымдағы адалдық пен объективтілік сақталады.

Оң тәжірибе:



Кафедрада профессор оқытушылар құрамының шет елдік оқытушы-профессорлармен толығы. Атап айтқанда: отандық ПОҚ-пен бірге Египет тарапынан 21 ғылым докторлары және Түркия елінен — 3 оқытушының дәріс беруі.

Жақсартуға арналған жағзы:

1. Шет елдік университеттермен бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу тетіктерін қарастыру.
2. Гранттық зерттеулерді жүзеге асыруда университет ПОҚ-тың қатысуын жандандыру.
3. Мысыр елінен келетін ПОҚ-н Қазақстан стандарттарына сай ПОҚ-ды шақырту. (Scopus базасында мақаласы бар)

3-стандартқа сәйкестік деңгейі: толық сәйкестік

Стандарт 4. Ғылыми - зерттеу жұмысының сапасы

Дәлелдемелер және талдау:

Докторант диссертациясының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету өте маңызды мәселе. Диссертацияның мазмұнының осы талаптарға сәйкестігі оның ғылыми деңгейін, құқықтық және халықаралық нормаларды дұрыс ұстануын, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесіне үйлесімділігін көрсетеді.

Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық талаптарға (Зальцбург қағидаттары) сәйкес диссертациялық жұмыс шеңберінде докторанттарға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасайды.

8D02201-«Исламтану» білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта 3 (үш) жылдық мерзімде іске асырылады. Университет тарапынан білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген.

БББ-ның мақсаттары Нұр-Мұбарак ЕИМУ-нің миссиясы мен «2022-2026 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асады.

Докторлық диссертация мазмұны бойынша өз бетінше зерттеу (ғылыми) жұмыс болып табылады, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығын жаңа ірі ғылыми жетістік ретінде саралауға болады немесе маңызды әлеуметтік-мәдени немесе экономикалық маңызы бар ірі ғылыми мәселе шешілген, енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған.

Докторлық диссертация докторанттың кәсіби біліктілік деңгейін және тиісті мамандық бойынша ҚР МЖБС талаптарына сәйкес ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін анықтайды.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Академиялық саясатының 4-ші басылымына сәйкес философия (PhD) докторын даярлау

бойынша білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта іске асырылады және білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік бағыттарда іргелі даярлықты әрі жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім жүйесі мен ғылыми салаға арнап PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін тиісті ғылым салалары бағытында пәндерді тереңдетіп оқуды көздейді.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті докторанттардың диссертация шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне, диссертациялық жұмысты, ғылыми мақалаларды дайындауына, халықаралық конференцияларға қатысуына және ғылыми тағылымдамадан өтуіне жағдай жасау үшін ғылыми семинарлар ұйымдастырады.

Докторанттар ғылыми семинар аясында диссертация жобасын, зерттеулерін көрсетуге және оны алдын-ала қорғауға, рецензенттердің сыни пікірлерін естіп- білуге мүмкіндік алады.

Докторлық диссертация тақырыптары оқу орнынан кейінгі білім беру докторантурада мамандарды даярлау бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар дін саласындағы, әсіресе ислам бағытындағы ең өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар тақырыптар екендігін атап өту керек. Докторанттардың докторлық диссертациялық зерттеу тақырыптары туралы ақпарат Қосымша 1, 4.1 кестеде беріліп отыр.

Докторанттар білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде халықаралық рейтингтерде алғашқы 1000 позицияны немесе тиісті бағыт (by Subject (бай сабджект)) бойынша алғашқы 200 позицияны алатын жетекші шетелдік ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша міндетті шетелдік тағылымдамадан өтуі тиіс. Тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына, докторлық диссертация тақырыбына және шетелдік консультанттың жұмыс орнына сәйкес келеді. Докторанттың шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту орны және мерзімі тағылымдама жоспарында көрсетіледі және ұзақтығы кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайды. Тағылымдама нәтижелері ЖЖОКБҰ-ның ғылыми семинарында қарастырылады. Тағылымнама нәтижесі бойынша кафедраға есептер өткізіледі. Тағылымдама туралы мәліметтер төменгі кестеде біріліп отыр.

4.2 кесте. 8D02201 «Исламтану» БББ-сы докторанттарының шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуі туралы мәліметтер

№	Докторанттың Т. А. Ә.	Өту кезеңі
Тағылымдамадан өту орны - Мысыр, Каир қаласы, Әл-Азһар университеті		
1.	Абдуалиев Бауыржан Ергешович	13.11.2020 - 12.12.2020
2.	Амангелди Тылеккабыл	11.11.2020 - 11.12.2020
3.	Курманбаев Дастан Жанасович	25.01.2020 - 26.01.2020
4.	Оразғалиев Ақылжан Арқашұлы	02.02.2020 - 03.03.2020
5.	Рахимгазиев Жайдар Турганбекович	04.02.2020 - 05.02.2020
6.	Сабдин Асқар Калимжанович	25.01.2020 - 26.02.2020
7.	Шәкизада Сырым Бауыржанұлы	14.02.2020 - 15.03.2020
8.	Смагулов Нуржан Айдарұлы	20.11.2021 - 19.11.2021

9.	Сманов Динмухамет Абдужаппарович	02.06.2022 - 24.06.2022
10.	Сариева Жадыра Жумагазиновна	02.05.2022 - 14.05.2022
11.	Жусупов Ерболат Нурылдаевич	20.11.2023 - 21.12.2023
12.	Калкаева Айгерім	20.11.2023 - 21.12.2023
13.	Қасабеков Қасым	20.11.2023 - 21.12.2023
14.	Сманов Саидкутуб Абдужаппарович	20.11.2023 - 21.12.2023
15.	Есенгелдев Ералы Сапарбайұлы	08.05.2023 - 07.06.2023
16.	Асқаров Сүлеймен	15.05.2024 - 15.06.2024
Тағылымдамадан өту орны - Түркия, Станбұл, Мармара университеті		
17.	Ораз Серікбай Сатыбалдыұлы	05.02.2020 - 06.03.2020
18.	Шәдеқұлы Нұршәріп	25.01.2020 - 26.02.2020
19.	Илесбеков Бижан Оразалиевич	15.11.2021 - 10.12.2021
Тағылымдамадан өту орны - Түркия, Қарабук университеті		
20.	Жұматаев Әбілхайыр Мәдиұлы	15.11.2021 - 10.12.2021
Тағылымдамадан өту орны - Ресей, Мәскеу ислам институты		
21.	Нұржан Нұрсұлтан Мәдинеұлы	15.11.2021 - 15.12.2021
Тағылымдамадан өту орны - Қатар, Хамад Бин Халифа университеті		
22.	Шоев Махмадрузи Асқарович	15.03.2023 - 15.04.2023
Тағылымдамадан өту орны – Түркия, Стамбул қаласы, Қызылжық университеті		
23.	Шымтемір Мейрамбек	15.11.2023 - 15.12.2023
Тағылымдамадан өту орны - Түркия, Анкара қаласы, Анкара университеті		
24.	Дәкен Еркінбек	20.05.2024 - 20.05.2024
25.	Жәненұлы Әділ	02.02.2024 - 03.03.2024
Тағылымдамадан өту орны - Қырғызыстан, Бішкек, Қырғыз-Манас университеті		
26.	Джанабәева Арайлым Абдрахманова	15.05.2024 - 15.06.2024

